

Қазақстан Республикасында офтальмологиялық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандартын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2023 жылғы 29 қарашадағы № 168 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 1 желтоқсанда № 33706 болып тіркелді.

"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексі 7-бабының 32) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасында офтальмологиялық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандарты бекітілсін.

2. "Қазақстан Республикасында офтальмологиялық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандартын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 25 желтоқсандағы № 1023 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12923 болып тіркелген) және "Қазақстан Республикасының халқына офтальмологиялық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарының қызметі туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2012 жылғы 28 ақпандағы № 120 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7505 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық көмекті ұйымдастыру департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты ресми жариялағаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасында офтальмологиялық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандарты 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасында офтальмологиялық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандарты (бұдан әрі – Стандарт) "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 7-бабының 32-тармақшасына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасында офтальмологиялық медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыруға қойылатын жалпы қағидаттар мен талаптарды белгілейді.

2. Осы Стандартта пайдаланылатын анықтамалар:

1) медициналық-санитариялық алғашқы көмек (бұдан әрі – МСАК) – адам, отбасы және қоғам деңгейінде көрсетілетін аурулар мен жай-күйлердің профилактикасын, диагностикасын, емін қамтитын, халықтың мұқтажына бағдарланған медициналық көмекке алғашқы қол жеткізу орны;

2) бейінді маман – денсаулық сақтау саласында сертификаты, жоғары медициналық білімі бар медицина қызметкері;

3) денсаулық сақтау саласындағы ғылыми ұйым (бұдан әрі – ғылыми ұйым) – денсаулық сақтау саласындағы ғылыми, ғылыми-техникалық және инновациялық қызметті, сондай-ақ медициналық, фармацевтикалық және (немесе) білім беру қызметін жүзеге асыратын ұлттық орталық, ғылыми орталық немесе ғылыми-зерттеу институты;

4) денсаулық сақтау ұйымы - денсаулық сақтау саласындағы қызметті жүзеге асыратын заңды тұлға;

5) динамикалық байқау – пациенттің денсаулық жағдайын жүйелі байқау, сондай-ақ осы байқаудың нәтижелері бойынша қажетті медициналық көмек көрсету;

6) емдеуге жатқызу бюросының порталы (бұдан әрі – Портал) – тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде пациенттердің жоспарлы емдеуге жатқызуға жолдамаларын электрондық тіркеудің, есепке алудың, өңдеудің және сақтаудың бірыңғай жүйесі;

7) жоспарлы медициналық көмек – пациенттің өміріне қауіп төндірмейтін аурулар мен жағдайлар кезінде көрсетілетін, оны көрсетуді кейінге қалдыру белгілі бір уақытқа пациенттің жай-күйінің нашарлауына әкеп соқпайтын, сондай-ақ профилактикалық іс-шараларды жүргізу кезінде көрсетілетін медициналық көмек;

8) кезек күттірмейтін медициналық көмек – пациенттің өміріне айқын қауіп төндірмейтін кенеттен болған жіті аурулар мен жағдайлар, созылмалы аурулардың өршуі кезінде көрсетілетін медициналық көмек;

9) медициналық авиация – әуе көлігін тарта отырып, халыққа шұғыл нысанда жедел медициналық көмек беру;

10) медициналық көмек – медициналық көмек дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуді қоса алғанда, халықтың денсаулығын сақтауға және қалпына келтіруге бағытталған медициналық қызметтер кешені;

11) медициналық көмек көрсетудің бірінші деңгейі – амбулаториялық, стационарды алмастыратын жағдайларда және үйде алғашқы медициналық-санитариялық көмек мамандарының медициналық көмек көрсетуі;

12) медициналық көмек көрсетудің екінші деңгейі – мамандандырылған медициналық көмекті амбулаториялық, стационарды алмастыратын және стационарлық жағдайларда, оның ішінде бастапқы деңгейде медициналық көмек көрсететін мамандардың жолдамасы бойынша жүзеге асыратын бейінді мамандардың медициналық көмек көрсетуі;

13) медициналық көмек көрсетудің үшінші деңгейі – жоғары технологиялық медициналық көрсетілетін қызметтерді қолдана отырып, мамандандырылған медициналық көмекті жүзеге асыратын бейінді мамандардың амбулаториялық, стационарды алмастыратын және стационарлық жағдайларда, оның ішінде бірінші және екінші деңгейлердегі мамандардың жолдамасы бойынша медициналық көмек көрсету деңгейі;

14) медициналық ұйым (бұдан әрі – МҰ) – негізгі қызметі медициналық көмек көрсету болып табылатын денсаулық сақтау ұйымы;

15) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі (бұдан әрі – МӘМС жүйесі) – міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіне қатысушылар арасындағы қатынастарды реттейтін мемлекет белгілейтін нормалар мен қағидалардың жиынтығы;

16) мультипәндік топ – пациент организмнің функциялары мен құрылымдарының бұзылу сипатына, оның клиникалық жай-күйінің ауырлығына байланысты қалыптастырылатын әртүрлі мамандар тобы;

17) офтальмологиялық көмек – көру ағзасы аурулары кезінде халыққа (ересектерге, балаларға) көрсетілетін медициналық қызметтер кешені;

18) пациент - медициналық көмек көрсетуді талап ететін аурудың немесе жай-күйдің болуына немесе болмауына қарамастан медициналық көрсетілетін қызметтерді тұтынушы болып табылатын (болған) жеке тұлға;

19) профилактика – аурулардың пайда болуының, аурулардың ерте сатысында өршуінің алдын алуға және қазірдің өзінде көтерілген асқынуларды, органдар мен

тіндердің зақымдануын бақылауға бағытталған медициналық және медициналық емес іс-шаралар кешені;

20) тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі (бұдан әрі – ТМККК) – бюджет қаражаты есебінен берілетін медициналық көмектің көлемі;

21) шұғыл медициналық көмек – денсаулыққа елеулі зиянның алдын алу және (немесе) өмірге төнген қатерді жою үшін шұғыл медициналық араласуды талап ететін кенеттен болған жіті аурулар мен жай-күйлер, созылмалы аурулардың шиеленісуі кезінде көрсетілетін медициналық көмек.

3. Офтальмологиялық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарына мыналар жатады:

1) амбулаториялық жағдайларда медициналық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдары;

2) өз құрамында офтальмологиялық бөлімшесі және (немесе) төсектері бар стационарлық жағдайларда медициналық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдары, ғылыми ұйымдар.

4. Офтальмологиялық көмек көрсететін ұйымдар қызметінің негізгі міндеттері мен бағыттары:

1) офтальмологиялық аурулардың профилактикасы мен ерте диагностикасына, мүгедектік профилактикасына бағытталған іс-шараларды ұйымдастыру және жүргізу;

2) медициналық көмек көрсетудің барлық кезеңдерінде сабақтастықты сақтай отырып, заманауи технологиялар мен диагностика мен емдеу әдістерін, оның ішінде дәлелді медицина қағидаттарына негізделген ЖТМҚ қолдана отырып, офтальмологиялық аурулары бар пациенттерге мамандандырылған медициналық көмек көрсету болып табылады.

5. Қазақстан Республикасында офтальмологиялық көмек көрсету үшін МҰ құрылымында мынадай бөлімшелер ұйымдастырылады:

1) амбулаториялық жағдайларда медициналық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарындағы офтальмологтың мамандандырылған кабинеті;

2) амбулаториялық және стационарлық жағдайларда мамандандырылған офтальмологиялық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарындағы көздің функционалдық диагностика кабинеті;

3) амбулаториялық жағдайларда мамандандырылған офтальмологиялық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарында көздің тамырлы патологиясы, глаукома мен лазерлік хирургияның мамандандырылған кабинеті;

4) балаларға амбулаториялық жағдайда мамандандырылған офтальмологиялық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарында, аудандық / қалалық емханаларда, мамандандырылған мектепке дейінгі мекемелерде, көру қабілеті бұзылған балаларға арналған мектеп-интернаттарда балалардың көру қабілетін сақтаудың мамандандырылған кабинеті;

5) амбулаториялық жағдайларда мамандандырылған офтальмологиялық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарындағы, күрделі және арнайы түзету кабинеті;

6) амбулаториялық жағдайларда мамандандырылған офтальмологиялық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарындағы амбулаториялық хирургия орталығы;

7) амбулаториялық және стационарлық жағдайларда мамандандырылған офтальмологиялық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарындағы рефракциялық лазерлік хирургия бөлімшесі (орталығы);

8) көп бейінді аудандық және (немесе) қалалық және (немесе) облыстық ауруханалардағы, университеттік ауруханалардағы, ғылыми ұйымдардағы, стационарлық жағдайларда медициналық көмек көрсететін мамандандырылған офтальмологиялық клиникалардағы "ересектерге арналған офтальмологиялық" және (немесе) "балаларға арналған офтальмологиялық" бейіні бойынша төсектер;

9) стационарлық жағдайларда медициналық көмек көрсететін көп бейінді қалалық және (немесе) облыстық ауруханалардың, ғылыми ұйымдардың, университеттік ауруханалардың, мамандандырылған офтальмологиялық клиникалардың құрамындағы халыққа қызмет көрсетілетін қуатына, санына қарай офтальмологиялық бөлімше;

10) амбулаториялық және стационарлық жағдайларда мамандандырылған офтальмологиялық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарындағы күндізгі стационарлар құрылымындағы "ересектерге арналған офтальмологиялық және (немесе) балаларға арналған офтальмологиялық" бейіні бойынша төсектер;

11) амбулаториялық жағдайда медициналық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарындағы оптометрия кабинеті, оптика салондарында;

12) амбулаториялық жағдайларда медициналық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарындағы протездеу зертханасы;

13) республикалық маңызы бар қалалардың және астананың, ғылыми ұйымдардың көп бейінді ауруханалар құрылымындағы биологиялық материалды консервациялау зертханасы.

6. Офтальмологиялық көмек көрсететін МҰ қызметінің негізгі бағыттары:

1) көру ағзасы аурулары бар пациенттерге дәрігерге дейінгі, білікті, мамандандырылған және жоғары технологиялық медициналық көмек көрсету;

2) медициналық көмектің қолжетімділігін, халыққа (ересектер, балалар) көрсетілетін емдеу-диагностикалық көмектің үздіксіз кәсіби дамуын және сапасын арттыруды қамтамасыз ететін іс-шараларды жүргізу;

3) көру ағзасының аурулары мәселелері бойынша халыққа және денсаулық сақтау субъектілеріне ақпараттық-консультациялық және ұйымдастырушылық-әдістемелік көмек көрсету;

4) ғылыми-зерттеу қызметі болып табылады.

7. Офтальмологиялық көмек ТМККК шеңберінде ("Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінің тізбесін бекіту және Қазақстан Республикасы Үкіметінің

кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 16 қазандағы № 672 қаулысына сәйкес (бұдан әрі – 672 Қаулы) және МӘМС жүйесінде "Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіндегі медициналық көмектің тізбесін бекіту туралы" (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 20 маусымдағы № 421 қаулысына сәйкес), сондай-ақ ақылы негізде " Денсаулық сақтау субъектілерінің ақылы қызметтер көрсету қағидаларын және ақылы медициналық қызметтер (көмек) ұсыну жөніндегі шарттың үлгілік нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 29 қазандағы № ҚР ДСМ-170/2020 бұйрығына сәйкес (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21559 болып тіркелген) көрсетіледі.

8. Амбулаториялық жағдайда медициналық көмек көрсететін МҰ-ларда медицина қызметкерлерімен қамтамасыз етілуінің ең төмен нормативі 10 000 бекітілген халыққа шаққанда ересектер офтальмологы дәрігерінің 0,8 лауазымын және балалар офтальмолог дәрігерінің 1,0 лауазымын құрайды.

Стационарлық жағдайда медициналық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарында офтальмолог дәрігерге нормативтік штаттық жүктемелер бір айда және тиісінше бір жылда емделген пациенттердің саны бойынша белгіленеді. "ересектерге арналған офтальмология" төсек бейіні үшін бір жылда емделген 480 пациентке офтальмолог дәрігерінің ең аз есебінен 1 лауазымы, "балаларға арналған офтальмология" төсек бейіні үшін бір жылда емделген 270 пациент.

Офтальмологиялық көмекті МҰ-да офтальмолог дәрігерлер, жалпы практика дәрігерлері, отбасылық дәрігерлер, сондай-ақ орта медицина қызметкерлері: жалпы практика мейіргері, фельдшер, мейіргер, учаскелік мейіргер, жалпы медициналық практика мейіргері, оптометрист "Денсаулық сақтау саласындағы мамандықтар мен мамандандырулар номенклатурасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-305/2020 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21856 болып тіркелген) талаптарына сәйкес жүзеге асырады.

9. Офтальмологиялық көмек көрсету деңгейлері бойынша клиникалық-диагностикалық зерттеулердің көлемі осы Стандартқа 1-қосымшаға сәйкес жүзеге асырылады.

10. Офтальмологиялық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарын медициналық бұйымдармен жарақтандыру осы Стандартқа 2-қосымшаға сәйкес жүзеге асырылады.

11. Офтальмологиялық көмек көрсетуді меншік нысанына және ведомстволық тиесіліне қарамастан медициналық қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар денсаулық сақтау ұйымдары мынадай жағдайларда жүзеге асырады:

1) амбулаториялық-емханалық көмек, оның ішінде медициналық-санитариялық алғашқы көмек (бұдан әрі – МСАК) және консультациялық-диагностикалық көмек (

бұдан әрі – КДК) түрінде тәулік бойы медициналық бақылау мен емдеуді көздемейтін амбулаториялық жағдайларда;

2) тәулік бойы медициналық байқау мен емдеу қажет етілмейтін және төсек-орын беріле отырып, күндізгі уақытта медициналық байқау және емдеу көзделетін стационарды алмастыратын жағдайларда;

3) тәулік бойы медициналық бақылауды, емдеуді, күтімді, сондай-ақ тамақтанумен төсек-орын беруді көздейтін стационарлық жағдайларда;

4) медициналық ұйымнан тыс: медициналық пойыздарда, жылжымалы (далалық) медициналық кешендерде, оптика салондарында, көру қабілеті бұзылған балаларға арналған мамандандырылған мектепке дейінгі мекемелер мен мектеп-интернаттарда, қашықтықтан медициналық қызметтер көрсету кезінде.

12. Медициналық ұйымдар "Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын, сондай-ақ оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген) (бұдан әрі – № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрық) сәйкес медициналық құжаттаманың жүргізілуін қамтамасыз етеді.

13. Шұғыл мамандандырылған офтальмологиялық көмек "Жедел медициналық жәрдем, оның ішінде медициналық авиацияны тарта отырып көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 30 қарашадағы № ҚР ДСМ-225/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21713 болып тіркелген) сәйкес жүзеге асырылады.

14. Шала туған нәрестелердің офтальмологиялық скринингі "Скринингті ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2010 жылғы 9 қыркүйектегі № 704 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6490 болып тіркелген) сәйкес жүзеге асырылады;

15. Хирургиялық тактика әдісін таңдауға және пациенттің (ересектер, балалар) бір көзде (жұптасқан көз жоқ) немесе функционалдық жағынан жалғыз көзде (жұптасқан көздің көру өткірлігі 0,05 және одан төмен) хирургиялық араласу көлеміне қатысты шешімді кемінде 5 жыл жұмыс өтілі бар кемінде үш офтальмолог дәрігерден тұратын консилиум қабылдайды.

16. Көру ағзасы аурулары бар пациенттерге еңбекке уақытша жарамсыздық сараптамасын жүргізу, еңбекке уақытша жарамсыздық парағын немесе анықтамасын беру "Еңбекке уақытша жарамсыздыққа сараптама жүргізу, сондай-ақ еңбекке уақытша жарамсыздық туралы парақ немесе анықтама беру қағидаларын бекіту туралы"

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 18 қарашадағы № ҚР ДСМ-198/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21660 болып тіркелген) сәйкес жүзеге асырылады.

17. Офтальмологиялық қызметтің ұйымдастырушылық-әдістемелік көмегін денсаулық сақтау саласындағы қызметті жүзеге асыратын кәсіби медициналық қауымдастықтар мен қоғамдық бірлестіктер үшін белгіленген өлшемшарттарға сәйкес аккредиттелген ғылыми ұйымдар, жоғары оқу орындары, кәсіби үкіметтік емес қоғамдық бірлестіктер жүзеге асырады.

18. Офтальмологиялық қызметтің ұйымдастырушылық-әдістемелік көмегі:

1) есепке алу және есептік статистикалық нысандардың мониторингі мен талдауын;
2) Қазақстан Республикасының аумағында көру ағзасы ауруларының таралуын талдауды;

3) бейінді және мультитипәндік консилиумдарға қатысуды;

4) диагностика мен емдеудің клиникалық хаттамаларын әзірлеу және қайта қарау, емдеу-диагностикалық процестің тұтастығын, офтальмологиялық көмек көрсетудің барлық кезеңдерінде сабақтастық пен өзара байланысты қамтамасыз етуді;

5) көру ағзасы ауруларының профилактикасы бойынша кешенді шаралар әзірлеу, көру ағзасы ауруларын анықтау бойынша скринингтік бағдарламаларды әзірлеуге, енгізуге, мониторингтеуге қатысуды;

6) көру ағзасы ауруларының мәселелері бойынша халықтың хабардарлығын арттыруды;

7) нормативтік-құқықтық базаны, офтальмологиялық қызметті дамыту стратегиясын әзірлеуге қатысуды;

8) халыққа көрсетілетін емдеу-диагностикалық көмектің үздіксіз кәсіби дамуына және сапасын арттыруға жәрдемдесу, ақпараттық-білім беру материалдарын әзірлеу және дайындау, монографиялар, еңбек жинақтары, әдістемелік ұсынымдар және мерзімді басылымдар (журналдар) шығаруды қамтиды.

2-тарау. Офтальмологиялық көмек көрсетуді ұйымдастыру тәртібі 1-параграф.

Амбулаториялық жағдайда офтальмологиялық көмек көрсетуді ұйымдастыру тәртібі

19. Амбулаториялық жағдайда офтальмологиялық көмек медициналық көмек көрсетудің бірінші, екінші және үшінші деңгейлерінде көрсетіледі.

20. Көру ағзасының аурулары бар пациенттерге мыналарды қамтиды:

1) халықтың нысаналы топтарын (ересектер, балалар) профилактикалық медициналық қарап-тексеруді ұйымдастыру;

2) дәрігерге дейінгі медициналық көмек;

3) білікті шұғыл және кезек күттірмейтін медициналық көмек;

4) МСАК маманының қарап-тексеруі, бейінді мамандарға консультацияға жіберу, көрсетілімдері бойынша клиникалық-диагностикалық зерттеулер (зертханалық, аспаптық және функционалды) жүргізу;

5) "Белгілі бір аурулары (жай – күйі) бар Қазақстан Республикасы азаматтарының жекелеген санаттарын тегін және (немесе) жеңілдікпен амбулаториялық қамтамасыз етуге арналған дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-75 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23885 тіркелген) сәйкес дәрілік заттармен қамтамасыз ету;

6) Стационарға жоспарлы емдеуге жатқызуға жолдама "Стационарлық жағдайларда мамандандырылған медициналық көмек жоспарлы нысанда көрсетілетін аурулардың тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 11 желтоқсандағы № ҚР ДСМ - 258/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21784 болып тіркелген) сәйкес Порталда жолдаманы тіркей отырып, пациенттің денсаулық сақтау ұйымын еркін таңдау құқығын ескере отырып, емдеуге жатқызудың жоспарланған күнін айқындау жолымен жүзеге асырылады;

7) "Созылмалы аурулары бар адамдарға медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру, байқаудың мерзімділігі мен мерзімдерін, диагностикалық зерттеулердің міндетті минимумы мен еселігі қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 23 қазандағы № ҚР ДСМ-149/2020 бұйрығымен (бұдан әрі – № ҚР ДСМ-№ 149/2020 бұйрық) (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21513 болып тіркелген) бекітілген, Созылмалы аурулары бар адамдарға медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру байқаудың мерзімділігі мен мерзімдерін, диагностикалық зерттеулердің міндетті минимумы мен еселігі қағидаларына сәйкес созылмалы аурулары бар пациенттерді (ересектер, балалар) динамикалық байқау ұйымдастыру;

8) медициналық оңалтуға жолдама беру;

9) еңбекке уақытша жарамсыздыққа сараптама жүргізу, еңбекке уақытша жарамсыздық туралы парақ немесе анықтама беру;

10) медициналық ұйымның дәрігерлік-консультативтік комиссиясына жолдама беру ;

11) "Медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізу қағидалары" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 29 маусымдағы № 260 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32922 болып тіркелген) сәйкес мүгедектікті айқындау және белгілеу үшін медициналық-әлеуметтік сараптамаға жолдама беру;

12) офтальмологиялық және басқа да бейіндік қызметтермен сабақтастықты жүзеге асыру;

13) халықты санитариялық-гигиеналық ағарту, көру ағзасы ауруларының профилактикасы жөніндегі іс-шаралар, салауатты өмір салтын насихаттау;

14) есепке алу және есептік статистикалық нысандардың мониторингі мен талдауы, қызмет көрсету аумағындағы көру ағзасы ауруынан сырқаттанушылықтың, мүгедектіктің негізгі медициналық-статистикалық көрсеткіштерінің мониторингі;

15) "Денсаулық сақтау саласындағы есептік құжаттама нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 22 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-313/2020 бұйрығына (бұдан әрі – № ҚР ДСМ - 313/2020 бұйрық) (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21879 болып тіркелген) сәйкес есептік құжаттаманы ресімдеу.

21. Екінші және үшінші деңгейлерде көру ағзасы аурулары бар пациенттерге (ересектерге, балаларға) консультациялық-диагностикалық көмек түріндегі мамандандырылған медициналық көмек "Амбулаториялық жағдайларда мамандандырылған медициналық көмек көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 27 сәуірдегі № ҚР ДСМ-37 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 27833 болып тіркелген) сәйкес жүзеге асырылады.

22. Көру ағзасы аурулары кезінде пациенттерге (ересектер, балалар) КДК амбулаториялық жағдайларда медициналық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарында, оның ішінде қашықтықтан медициналық қызметтер шеңберінде көрсетіледі.

23. Көру ағзасы аурулары бар пациенттерге (ересектер, балалар) офтальмологиялық көмекті офтальмолог дәрігерлер (ересектер, балалар) жүзеге асырады және мыналарды қамтиды:

1) халықтың нысаналы топтарын (балаларды, ересектерді) профилактикалық (скринингтік) медициналық қарап-тексеру;

2) кезек күттірмейтін мамандандырылған офтальмологиялық көмек көрсету;

3) шұғыл мамандандырылған офтальмологиялық көмек көрсету;

4) көру ағзасы аурулары бар пациенттерге (ересектер, балалар) консультациялық, диагностикалық және емдік көмек көрсету;

5) "Амбулаториялық жағдайларда мамандандырылған медициналық көмекке енгізілген диагностикалық қызметтердің, оның ішінде зертханалық диагностиканың тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 30 қарашадағы № ҚР ДСМ-221/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21703 болып тіркелген) сәйкес диагностикалық қызметтерді;

6) "Амбулаториялық жағдайларда мамандандырылған медициналық көмекке енгізілген рәсімдер мен манипуляциялар тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 19 қазандағы № ҚР ДСМ-136/2020 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21470 болып тіркелген) бекітілген тізбе бойынша рәсімдер мен манипуляциялар;

7) қосымша зертханалық-аспаптық зерттеулерге және басқа бейінді мамандардың консультацияларына (пациентті біліктілігі анағұрлым жоғары немесе басқа бейіндегі маманның қарауы үшін), консилиумды (қажет болған жағдайда) және комиссиялық мультипәндік қарап-тексерулерге (қажет болған жағдайда) жіберу;

8) пациенттерді (ересектер, балалар) күндізгі және тәулік бойғы стационарларға, бейінді медициналық ұйымдарға жіберу үшін медициналық көрсетілімдерді айқындау;

9) бекітілген жері бойынша МСАК ұйымына динамикалық байқау үшін есепке қою үшін созылмалы ауруы бар адамдар үшін консультациялық қорытынды беру;

10) созылмалы аурулары бар пациенттерді № ҚР ДСМ - 149/2020 бұйрықпен бекітілген Созылмалы аурулары бар адамдарға медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру, байқаудың мерзімділігі мен мерзімдерін, диагностикалық зерттеулердің міндетті минимумы мен еселігі қағидаларына сәйкес динамикалық байқау, медициналық көрсетілімдерге сәйкес мамандандырылған офтальмологиялық көмек көрсету (көрсетілімдер болған кезде денсаулық сақтау саласындағы әлеуметтік қызметкерлер, психологтар және салауатты өмір салты кабинеттерінің мамандары тартылады);

11) медициналық көрсетілімдерді айқындау және медициналық оңалтуға жіберу;

12) еңбекке уақытша жарамсыздыққа сараптама жүргізу, уақытша еңбекке жарамсыздық туралы парақ немесе анықтама беру;

13) медициналық ұйымның дәрігерлік-консультациялық комиссиясына жолдама беру;

14) есепке алу және есептік статистикалық нысандардың мониторингі мен талдауы, қызмет көрсету аумағындағы көру ағзасы ауруынан сырқаттанушылықтың, мүгедектіктің негізгі медициналық-статистикалық көрсеткіштерінің мониторингін;

15) көру ағзасы ауруларының профилактикасы бойынша санитариялық-ағарту жұмысы, саламатты өмір салтын насихаттау;

16) емдеу-диагностикалық процестің тұтастығын, МСАК ұйымдарымен, басқа медициналық ұйымдармен, офтальмологиялық және басқа да бейінді қызметтермен офтальмологиялық көмек көрсетудің барлық кезеңдерінде сабақтастықты және өзара байланысты қамтамасыз ету;

17) № ҚР ДСМ-313/2020 бұйрыққа сәйкес есептік құжаттаманы ресімдеу.

24. Функционалдық диагностика кабинетінде:

1) көру ағзасының ультрадыбыстық зерттеуі;

2) биометриялық офтальмологиялық зерттеулер;

- 3) көру ағзасы тіндерінің оптикалық когерентті томографиясы;
- 4) көзді электрофизиологиялық зерттеу;
- 5) көз түбінің флуоресцентті ангиографиясы;
- 6) периметрия жүзеге асырылады.

25. Көз тамырларының патологиясы, глаукома мен лазерлік хирургияның мамандандырылған кабинетінде:

1) көз түбінің жіті және созылмалы тамырлары аурулары, торлы қабық пен қан тамырларының тұқым қуалайтын ауытқулары, витреохориоретиналды дистрофиялар, ісік және псевдо-ісік аурулары, глаукома бар пациенттердің (ересектер, балалар) динамикасында консультациялық, диагностикалық, емдік көмек және бақылау;

2) глаукома, қайталама катаракта, шыны тәрізді бұлыңғырлық, витреохориоретиналды дистрофия, диабеттік ретинопатия, гипертониялық ретинопатия, торлы тамырлардың тромбозы және көздің басқа да тамырларының аурулары, көз ісіктері мен псевдоісік аурулары кезіндегі лазерлік хирургия.

26. Балалардың көру қабілетін сақтау кабинеттерінде мыналар жүзеге асырылады:

1) көру ағзасы аурулары бар балаларға консультациялық, диагностикалық, емдік көмек көрсету;

2) рефракция, амблиопия, қылилық, сандық визуалды шаршау кезінде балаларды аппараттық емдеу;

3) балалардағы миопияның дамуының профилактикасы, ерте диагностикасы және дамуының профилактикасы;

4) қызмет көрсету аумағындағы балалардың көру ағзасы ауруының, көру ағзасы ауруынан мүгедектіктің негізгі көрсеткіштерін талдау;

5) қосымша зертханалық-аспаптық зерттеулерге және басқа бейінді мамандардың консультацияларына жолдау.

27. Күрделі және арнайы түзету кабинетінде офтальмолог дәрігер:

1) рефракциялық ауытқулары бар пациенттерге (ересектер, балалар) консультациялық, диагностикалық көмекті;

2) пациенттерге (ересектер, балалар) көзілдірікпен түзетудің барлық түрлерін іріктеуді;

3) пациенттерге (ересектер, балалар) сериялық өндірістегі контактілі линзаларды, қатты контактілі линзаларды, ортокератологиялық және жеке контактілі линзаларды іріктеуді;

4) пациенттерді күрделі және арнайы түзету құралдарын пайдалануға және оларға күтім жасауға үйретуді;

5) түзету құралдарына бейімделу кезеңінде пациенттерді динамикада бақылауды;

6) қажет болған жағдайда кезек күттірмейтін мамандандырылған офтальмологиялық көмек көрсетуді жүзеге асырады.

28. Оптометрия кабинетінде медициналық оптометрист:

- 1) заманауи диагностикалық аппаратураны (визометрия, кераторефрактометрия, көру сипатын анықтау, периметрия) пайдалана отырып, көру функцияларын зерттеуді;
- 2) көзішілік қысымды өлшеуді (тонометрия), биомикроскопияны;
- 3) ересектерге және офтальмолог дәрігер қарап-тексергеннен кейін 6 және одан жоғары жастағы балаларға көзілдірікпен түзетудің барлық түрлерін іріктеуді;
- 4) ересектерге және офтальмолог дәрігер қарап-тексергеннен кейін 6 және одан жоғары жастағы балаларға сериялық өндірістегі контактілі линзаларды іріктеуді;
- 5) пациенттерді түзету құралдарын пайдалануға және оларға күтім жасауға үйретуді ;
- 6) дәрігерге дейінгі және білікті кезек күттірмейтін медициналық көмек көрсетуді;
- 7) қажет болған жағдайда офтальмолог дәрігерге консультацияға жіберуді жүзеге асырады.

29. Амбулаториялық хирургия орталықтарында осы Стандартқа 3-қосымшаға сәйкес төсек-орын берілмейтін хирургиялық операциялар жүргізіледі.

30. Рефракциялық лазерлік хирургия бөлімшесінде (орталығында):

- 1) рефракция ауытқулары, мөлдір қабық аурулары кезіндегі консультациялық, диагностикалық көмек;
- 2) лазерлік технологияларды қолдана отырып, көруді лазерлік түзету;
- 3) кератоконус және басқа да кератэктатикалық мөлдір қабық аурулары бар пациенттерге консультациялық, диагностикалық және емдік көмек, оның ішінде мөлдір қабық коллагенінің кросслинкінгі, интрамөлдір қабықты сегменттерді, оның ішінде фемтолазерлік сүйемелдеумен имплантациялау;
- 4) мөлдір қабық аурулары кезіндегі фототерапиялық кератэктомия;
- 5) птериgiumды бір мезгілде мөлдір қабықты эксимерлазерлі тегістеумен біріктірілген емдеу;
- 6) мөлдір қабық және катаракта хирургиясын фемтолазерлік сүйемелдеу;
- 7) операциядан кейінгі динамикадағы байқау, қажет болған жағдайда кезек күттірмейтін және шұғыл мамандандырылған көмек жүзеге асырылады.

31. Протездеу зертханасында:

- 1) стандартты көз протездерін таңдау;
- 2) жеке көз протездерін, эктопротездерді іріктеу және дайындау;
- 3) конъюнктивалық қуыстың, дінгектің, көз бетінің жай-күйін динамикада байқау жүзеге асырылады.

32. Медициналық ұйымнан тыс офтальмологиялық көмек мыналарды қамтиды:

- 1) медициналық пойыздарда, жылжымалы (далалық) медициналық кешендерде, оптометрия кабинеттерінде оптика салондарында дәрігерге дейінгі, білікті шұғыл және кезек күттірмейтін медициналық көмек көрсету;

2) медициналық пойыздарда, жылжымалы (далалық) медициналық кешендерде, қашықтықтан медициналық қызметтер көрсету кезінде консультациялық-диагностикалық көмек көрсету;

3) көру қабілеті бұзылған балаларға арналған мамандандырылған мектепке дейінгі мекемелерде, көру қабілеті бұзылған балаларға арналған мектеп-интернаттарда консультациялық-диагностикалық көмек және медициналық оңалту;

4) консультациялық көмек, ересектерге және офтальмолог дәрігердің, 6 және одан жоғары жастағы балаларға зерттеп-қарауы болған кезде, оптометрия кабинеттерінде оптометрия кабинеттерінде түзету құралдарын қолдануға және оларға күтім жасауға пациенттерді оқыту.

2-параграф. Стационарды алмастыратын жағдайларда офтальмологиялық көмек көрсету тәртібі

33. Стационарды алмастыратын жағдайларда офтальмологиялық көмек тәулік бойы медициналық байқау мен емдеу қажет етілмейтін және медициналық көмек көрсетудің екінші және үшінші деңгейлерінде төсек-орын беріле отырып, күндізгі уақытта медициналық байқау мен емдеу көзделетін жағдайларда көрсетіледі.

34. Пациенттерге (ересектерге, балаларға) стационарды алмастыратын офтальмологиялық көмек "Қазақстан Республикасында стационарды алмастыратын жағдайларда медициналық көмек көрсету стандартын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2023 жылғы 7 маусымдағы № ҚР 106 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32740 болып тіркелген) сәйкес көрсетіледі.

35. Медициналық көмек көрсететін ұйымдарында стационар алмастыратын офтальмологиялық көмек көрсету үшін күндізгі стационар ұйымдастырылады (бұдан әрі – КС).

36. Стационарды алмастыратын жағдайларда офтальмологиялық көмек мыналарды:

1) мамандандырылған офтальмологиялық көмек жоспарлы тәртіппен АХЖ-10 кодтары бойынша аурулар тізбесіне және АХЖ-9 кодтары бойынша операциялар мен манипуляциялар тізбесіне сәйкес күндізгі стационарда басым емделу үшін көрсетуді;

2) емдеу және диагностикалық (зертханалық, аспаптық және функционалдық) іс-шаралар, дәрілік қамтамасыз ету, тиісті күтімді;

3) медициналық оңалтуды (көрсетілімдер бойынша);

4) пациентке жүргізілген қарап-тексеру, емдеу нәтижелері бар медициналық картадан үзінді көшірме беру және пациентті емдеудің одан әрі тактикасы бойынша ұсынымдар беруді;

5) № ҚР ДСМ-198/2020 бұйрығына сәйкес еңбекке уақытша жарамсыздық туралы парақ беру.

6) есепке алу және есептік статистикалық нысандардың мониторингі мен талдауын;

7) емдеу-диагностикалық процестің тұтастығын, МСАК ұйымдарымен, басқа медициналық ұйымдармен, офтальмологиялық және басқа да бейінді қызметтермен офтальмологиялық көмек көрсетудің барлық кезеңдерінде сабақтастықты және өзара байланысты қамтамасыз етуді;

